



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

тәрбиесі» кітабы. Бұл кітап педагогтарға, тәрбиешілерге, ересектер мен балалар дәрігерлеріне анықтамалық кітап ретінде ұсынылған.

Нәзипа Сегізбайқызы дәрігерлік арнайы білімі жоқ болса да көптеген әдебиеттерді ақтара келе, бала мен ана денсаулығына қатысты пайдалы кеңестерді рет-ретімен оқушысына, қалың көпшілікке ұсынып, қазақ тарихында есімін қалдырған еліміздің көрнекті ұстазы.

XX ғасырдың басында өз халқын ілімге, мәдениетке шақырып, жаңалықтың жаршысы болған халқымыздың көрнекті ағартушысы, алғашқы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізін қалаған тұңғыш педагог, әрі журналист-публицист. Көпке дейін Н.Құлжанованың аты аталмай, еңбегі толық зерттелмей келді. Торғай өңірінде туып, оқып, білім алған, кейін ерлі-зайыпты Нәзипа, Нұрғали Құлжановтар Семейдегі оқытушылар семинариясында мұғалімдік қызметте жүріп, талай Алаш арыстарын қанаттандырады.

Назипа Құлжанова 1923 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру аясында «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты кітабын жазды. Бұл арнайы тапсырыспен жазылған алғашқы авторлық туынды еді. Автордың бұл еңбегінде Еуропа елдеріндегі балалар бақшаларының өмірін үлгі ете отырып, күншығыстағы Жапония мемлекетіндегі балалар тірлігін әңгімелейді. Аталмыш кітапқа алғысөз жазған Ахмет Байтұрсынұлы былай деген: «Заман амалының жарысынан, заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгінде адамға көп өнер – білім даярлау керек»[1,25-б].

Жастайынан өжеттігімен, қайсарлығымен танылған Нәзипа Семейде өзінің белсенділігін, қабілет-қарымын байқатып, 1914 жылы 26 қаңтарда Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуына орай мәдениет қайраткері, өмірлік серігі Нұрғали Құлжанов екеуі Абай Құнанбаевты еске алу кешін өткізді. Қазақ, орыс тілдерінде жасаған баяндамасында «Абайды туғызған қазақ даласы тағы да талай Абай секілді, бәлкім одан да артық данышпандар туғызады»[2,58-б],- деп түйіндеп, тыңдаушыларын тәнті етті.

Қолданылған әдебиет

1. Кәрібжанова Г.А. Н.С.Құлжанованың өмірі және қоғамдық-ағартушылық қызметі (1887-1934) [Мәтін] : Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Кәрібжанова Г.А. - Алматы : Б.ж., 2003. - 36 б.
2. Ахметова Л. Қарлығаш қаламдастар [Мәтін] / Ахметова Л. - Алматы: Қазақ университеті, 1993. - 112 б.

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ ЖАНҰЗАҚ ЖӘНІБЕКОВ – «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ БАС РЕДАКТОРЫ

Ибраева Эльмира Ерікқызы

aspan-ee@yandex.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
журналистика және саясаттану факультетінің аға оқытушысы
Астана, Қазақстан

«Қазақ», өзі шығып тұрған бес жыл ішінде талай күрделі құбылыстардың, бірнеше қоғамдық сілкіністердің куәсі болды. Бір ғана қолдың саусақтарымен санауға болатын жылдар ішінде бір емес бірнеше ұрпақтың ғұмырына жетерліктей оқиғаларды, тарих үшін қас-қағым деп айтуға келмейтін уақыт аралығында бірнеше ғасырға татырлық өзгерістерді басынан өткерді. Атап айтқанда, «Қазақ» екі жойқын соғыстың (бірінші әлем соғысы және азамат соғысы), 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің, екі қоғамдық-саяси төңкерістің (ақпан және қазан), төрт саяси биліктің (патша үкіметі, уақытша үкімет, Алашорда үкіметі және кеңес өкіметі) куәсі болды. Ал, ең бастысы, «Қазақ» аласұрған заманның, аласапыран оқиғалардың тек сырттан қараған бақылаушысы ғана болып қана қойған жоқ. Ол, біріншіден,

сол бір қиын-қыстау жылдары қазақ ұлтының мүддесін қорғаған қамқоршысы, оның тұйықтан шығар жолын көрсеткен жолбасшысы болды. Демек, «Қазақ» газетінің ең басты ерекшелігі, оның айқын ұлттық сипатта болуы. Ондағы дүниелердің ең басты құндылығы, олардың ұлт мүддесіне сай пайда болуы. Газет материалдарының мән-мағынасы мен мазмұнының ұлттық сұранысқа толық сай келуі. Оның ең басты себебі, дүние қаншама рет астаң-кестең болып, асты үстіне түсіп жатпасын «Қазақ» өзінің басты ұстанымы – ұлт мүддесін қорғаудан еш таймауы.

Екіншіден, ол буырқанған оқиғалардың бел ортасында жүріп, қайнаған құбылыстармен үдерістер барысын суретке түсіргендей өз беттерінде әлеспелі (синхронды) бейнеледі. Олар туралы мәліметтерді тасқа басып, өз беттерінде хаттады. Сөйтіп «Қазақ» қазақ өмірінің аса бір күрделі кезеңінің шежіресіне, баға жетпес жазба дерек көзіне айналды [1].

...халқымыздың аласапыран алдындағы бейбіт өмірін, қалыпты тұрмыс-тіршілігін, ұлт мақсатын көздеген зиялыларымыздың арманы мен тілектерін, мақсаты мен ойларын ұлттық мүдде тұрғысынан бүгінгі күннің талабына сайзрттеу және ашып көрсету «Қазақ» газетінсіз мүмкін. Газет материалдарымен танысу, алғашқы жылы оның шығарушыларын ойландырған, А.Байтұрсынұлының сөзімен айтсақ: «төсекте дөңбекшітіп, ұйқысын бұзған» мәселелер, елдің елдігін, ұлттың бірлігін, жердің тұтастығын сақтау, қазақ халқын өнер-білімге үйретіп өркениетті елдер қатарына қосу, ол үшін қалың елі қазағын ұйқыдан оятып оқуға, ғылымға шақыру болғандығын көрсетеді. Оның айқын дәлелі, «Қазақ» газетінің бірінші күннен бастап ерекше көңіл бөліп, өз беттерінде үздіксіз көтерген мәселелерінің бірі – оқу-ағарту, білім беру мәселесі болғандығы [1, 58 б.].

Ең алдымен айтарымыз, «Қазақ» газетінің шығуының өзі қайталанбас қоғамдық құбылыс ретінде ұлт тарихынан өшпес орын алып, қазақ тарихының ажырамас бөлігіне айналуы. Халқымыз тарихының аса бір күрделі кезеңінде тұтас бір ұлтты өлім ұйқысынан оятып, санасына қозғау салған «Қазақ» сияқты газеттің маңызы мен қазақ тарихындағы орны туралы заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов, сол XX ғасырдың басында-ақ: «Жазба әдебиетте Абайдан соң аты аталатын – «Қазақ» газеті деп, «Қазақтың» жазба әдебиетімізден алар орнын атап көрсетсе, «Қазақтың» қазақ халқының өмірінен алар орны туралы: «Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгел ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширатып ширықтырған, етек жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын» деп, газеттің тарихи маңызын жеріне жеткізе айтқан. Оған қосарымыз «Қазақтан» бұрын да, «Қазақтан» кейін де қазақ баспасөзі тарихында мұндай деңгейге көтеріле алған бірде бір басылымның болмағандығы. Демек, «Қазақтың» қазақ тарихында қайталанбас қоғамдық құбылыс ретінде мәңгі қалары күмәнсіз. [1, 57 б.].

Жанұзақ Әлжанұлы Жәнібеков – «Қазақ» газетіне ұлы Ахмет Байтұрсынов пен талантты публицист Міржақып Дулатовтан кейін редакторлық еткен тұлға.

Алайда, оның «Қазақ» газетіндегі бас редакторлық қызметі жайында ғалымдар арасында түрлі деректер бар. Ғалым-библиограф Ү.Субханбердина 1990 жылы «Зерде» ғылыми көпшілік журналына жарияланған «Әйгілі «Қазақ» газеті» мақаласында: «...Газеттің 1918 жылғы 261-265 сандарының редакторы – Жанұзақ Жәнібеков» [2], – деп жазады. Бұл тектес деректерді ел тарихына арналған оқулықтардан да кездестіруге болады. Мәселен, «Қазақстан тарихы» оқулығының 706-бетінде «Қазақ» газеті 1918 жылы (№№261-265) Жанұзақ Жәнібековтің редакциялауымен шықты» [3], – делінген.

Алаштанушы-ғалым Қ.Сақ «Ұлттық сана ұйытқысы» кітабындағы «Қазақтың» соңғы бас редакторы» атты бөлімінде: «...тиісті бағасын алуға тұрарлық тұлға – Жанұзақ Жәнібеков. Ол газеттің 1918 жылғы 261-263 сандарына бас редактор ретінде қол қойған» [4], – деген дерек келтіреді.

Зерттеушілер арасындағы Ж.Жәнібековтің «Қазақ» газетіндегі редакторлық қызметі жайындағы түрлі ғылыми деректерді нақтылау – «Қазақтың» түпнұсқа тігінділеріне жүгінуді қажет етті.

Басылымның түпнұсқасы келесідей мәліметтерді алдымызға тартып отыр:

№261, 23 июль, вторник, 1918 жыл. Уақытша шығарушы: Жанұзақ Жәнібеков. Бастырушы: «Азамат» серіктігі.

№262, 30 июль, вторник, 1918 жыл. Уақытша шығарушы: Жанұзақ Жәнібеков. Бастырушы: «Азамат» серіктігі.

№263, 5 сентябрь, бейсенбі, 1918 жыл. Шығарушы: Міржақып Дулатұлы. Бастырушы: «Азамат» серіктігі.

№264, 10 сентябрь, сейсенбі, 1918 жыл. Шығарушы: Міржақып Дулатұлы. Бастырушы: «Азамат» серіктігі.

№265, 16 сентябрь, понедельник, 1918 жыл. Шығарушы: Міржақып Дулатұлы. Бастырушы: «Азамат» серіктігі.

№266, 26 сентябрь, четверг, 1918 жыл. Шығарушы: Міржақып Дулатұлы. Бастырушы: «Азамат» серіктігі.

Бұл ретте біз, Жанұзақ Жәнібеков «Қазақтың» 261 және 262-санына басшылық жасағанын сондай-ақ, Ж.Әлжанұлы аталған басылымның соңғы редакторы емес екеніне көз жеткіздік.

Қалам қайраткерінің «Қазақ» газетіне басшылық етуі – замананың алмағайып уақытына тура келді.

«Қазақ» газетіндегі еңбек жолын корректорлықтан бастаған оған төңкеріс кезеңінде газетке басшылық жасау жауапкершілігі жүктеледі.

«... әйгілі 1917 да келді. Большевиктер бүлік жасады. Сол кездің айдай анық шындығы: ешкім большевиктер жеңеді, енді билік біржола солардың қолына өтеді деп ойлаған жоқ (бұл кездің газет мақалалары осылай дейді – Д.Қ). Ұлт зиялылары осы жылы шілдеде Алаш партиясын құрып, желтоқсанда Алаш Үкіметін (Алаш Орда) орнатып, жаңа мемлекет құрылысына білек сыбана кірісіп те кетті. Түкістандықтар да қарап жатпады: 1917 жылы 27 қараша күні Қоқандта Түркістан автономиясын жариялады. Сөйтіп замананың шайтанын, отаршылдықтың зардабын екі жақтап қумақ болды [5].

Алайда заман ауаны өзгере бастады. Алаш көсемдері Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсынов Орынбор қаласынан кетуге мәжбүр болғанда «Қазақ» газетін шығару ісі Ж.Жәнібековке сеніп тапсырылады.

Жанұзақ Жәнібеков басшылық еткен «Қазақ» газетінің 1918 жылғы 261- санында (1918, 23 шілде):

«Орынбор хабарлары» атты большевиктер мен атты-казактар арасындағы қақтығыстарға «Қазақ» газетінің пікірі берілген бас мақала; Дутовтың Торғай, Ырғыз уездерін алғандығы жөніндегі «Ел хабарлары»; Большевиктерге қарсы жазылған «Жарнама. Учредительное собраниеінің члендерінен құрылған комитет өкілдерінің Торғай облысының халқына таратқан жарнамасы» атты Учредительное собрание өкілдерінің ұжымдық мақаласы; М.Дулатовтың Орынборға оралуы жайында жазылған «Дулатовтың шабуылдан қайтуы» атты мақала; Орал облысындағы саяси өзгерістері сөз етілген «Уақытша. Ойыл уалаятының хукіметі» атты ішкі хабар; «Торғай мекемелерін басқару» атты Торғай облыстық комитетінің Қостанайға көшуі туралы жазылған мақала т.б. басылды.

Ал, 1918 жылғы 262-санында (1918, 30 шілде):

«Алашорда» хукіметінің іске кіріскені туралы келген телеграмма» атты бас мақала; «Башқұртстан хукіметі» жайынан жазылған мақала; Бейімбет Майлиннің «Алашорда» партиясына арналған «Алашордаға» атты өлеңі т.б. жарық көрді.

Бір жай, басылымның бұл екі санында жарық көрген мақалалардың көбісінің авторы көрсетілмеген.

Редактордың өз қаламынан туған «Аттан, Алаш азаматы!» [6] атты үндеу-мақаласы «Қазақтың» 1918 жылғы 262-санына жарияланды.

«...Бәріңізге мағлұм, Русияның жауы бұрын неміс болса, былтырғы октябрьден бастап үй ішінен жау шықты. Ол большевик.», – дейді.

«Ау, Алаш! Сен кім? Сен жауынгер түріктің орнын басып қалған үлкен ұлысың, бабаларың ат үстінде жүріп, қылышпен өздерін дүниенің жартысына ие қылған, Стамбұлды алған, Карпат тауларының қалың қамалын бұзған.

Ер түріктің ер жүректі ұлдары, сілкін, қуан, ат-тұраманыңды даярлап атқа мін, жауға аттан!

Жауың кім? Жауың – большевик. Большевиктің тұқымы құрымаса, Русия мемлекетінде тыныштық болмақшы емес, тыныштық болмаса, бас көтеріп-ақ айтып, үнінді шығара алатын емессің», – деп өз еліне алмағайып саяси кезеңнің мәнін түсіндіреді, қоғамдық-әлеуметтік болжам айтады.

«Осы заман ұлттардың тірі яки өлі болуы ашылатын қиын бір заман.

...Ортақ жау – большевикке қарсы жорыққа аттану кеудесіне жаны, денесінде бабалары түріктің титтей қаны болған Алаш азаматына парыз», – деп көк түріктен тараған жауынгер ұрпақ екенін елінің есіне салады.

Осы арада айта кететін бір жай, мақала соңына автор Ж.Ж деп қойған.

Бұл автордың Ж.Жәнібеков екені шүбәсіз. Себебі, біріншіден, өзіне сеніп тапсырылған газетке бас мақаланы бас редактордың дайындауы заңды. Екіншіден, бұл мақаладағы автордың «Ау, Алаш! Сен кім? Сен жауынгер түріктің орнын басып қалған үлкен ұлысың, бабаларың ат үстінде жүріп, қылышпен өздерін дүниенің жартысына ие қылған, Стамбұлды алған, Карпат тауларының қалың қамалын бұзған», - деген сөздері мен оның «Османлы түріктері» мақаласындағы: «Газетімізде әңгімелері жазылып жатқан осы түріктер біздің нағыз бауырларымыз болады. Олардың бабалары Түркістандағы Ыстық көл маңайынан баяғы жаугершілік заманда ауып, күннің батысына бет алып кетіп, неше белден асып, неше елдерді басып, ең соңында осы күнгі Түркия патшалығы дейтін зор патшалық жасап, санатқа қосылып, заманында аузынан от шашқан айбарлы патша болып...» дегендегі ой үндестік көзге көрінеді.

«Ер түріктің ер жүректі ұлдары, сілкін, қуан, ат-тұраманыңды даярлап атқа мін, жауға аттан!

...Ортақ жау – большевикке қарсы жорыққа аттану кеудесіне жаны, денесінде бабалары түріктің титтей қаны болған Алаш азаматына парыз», - деген рухты ойлары оның «Түркияның ішкі істері» мақаласындағы: «Өткен жыл декабрь айында «Осман сұлтанның жеке патша болғанын еске түсіру» деген мейрамдары болып өтті. Сол мейрамда түріктер өздерінің түрік, ұлы түрік екендіктерін біліп, баяғы замандарда ат жалында жүріп қаһармандықпен атағы шыққан қаңлы руы қайсы елінен шыққан бабаларын еске түсірді», – деген түркілік рухта жазылған сөйлемдерімен үндесіп тұрғандай.

«Қазақ» газетінің дәл осы санында редактордың «Алаш құрбандары» [7] деген мақаласы да басылды. Мақалада көркемдікке басымдық беріледі. Алашорда милициясының бастығы Қазы Нұрмұхамедұлы большевиктердің қолынан жазықсыздан жазықсыз қаза табады. Марқұмның жолдастары ботадай боздап, ертеңінде жаназасына жиналады. Алғаш Алаш жолында құрбан болған жас бағыланды ұмытпасқа белгі болып қалсын деп екі рет суретке алады: біреуі қанды киімімен жатқан халінде, екіншісі табытта жатқанын. Алаш қайраткерлері большевиктер қолынан қаза болған Алаш құрбаны 22-жасар Қазы Нұрмұхамедұлын ұмытпасқа серттеседі.

Денесі қабірге қойылып, құран оқытылып болғаннан кейін, сөз алған алаш ақсақалы Ш.Құдайбердиев: «Әлеумет! Мынау жатқан кім, білесіңдер ме? Бұл ұлты үшін шыбын жанын құрбан қылған Алаш азаматының тұңғышы. Мұны өлді демендер. Бұл күні һәм мұнан соңғы «ұлтым» деген азаматтар мына сияқты болып, «ұлтым» дендер деп, өзінің ұлтшылдығын сөзбен емес, іспен көрсетті.

... Қарағым, Қазы, өліміңе өкінбе! Арманың жоқ! Құдай алдында да, жұрт алдында да сенің орның бөлек.

Оқығандар, жастар! Мынау жолдастарыңды ұмытпа көрмендер. Мұның үй ішінің міндеті сендердің мойындарыңда! Бір кішкентай көзінің қарашығы (бір жасар ұл баласы) қалыпты. Соны тәрбиелеп, адам қылу – бәрінің, барша Алаштың мойнына парыз һәм

өздерің де бұл оқиғаға қажымандар. Құдай тағала Алашқа шын ұл бергеніне ғана көзім жетті. Алпыс жасқа келгенде мұндай ұлт үшін құрбан болатын азаматты көремін деп деген үмітім жоқ еді. Көрдім, енді бүгін өлсем де арманым жоқ. Қарағым, Қазыжан, қадіріңді біліп құрметтей алмасам, кешу қыл. Хош, қабірің нұрлы болсын!» – дегенде жиылған жұрт еңіреп жылап жібереді.

Бұл оқиғаны жазу авторға да оңай тимегені сезіледі. Большевиктердің оспадарлығына ашынады, күйінеді.

Сондай-ақ, 28 жасар офицер Нұғман Сарыбөпеұлын да большевиктердің азаптап өлтіргенін жазады. «...Нұғыманды жалаңаштап камшымен сабап, мылтықтың дүмімен ұрып, ең соңында алты мылтықпен бір басып, өлді деп тастап кетеді. Бірақ ол кезде Нұғман тірі екен. Соңынан әйелі Зинаятта Рамазанованың ішкі киімінен басқасын, алтын-күміс нәрселерін, ақшасын, Нұғыманның киімдерін бәрін әлгі залымдар ауылға келіп, жұрдай қылып тонап алып кетіп бара жатқанда кеудесін сүйретіп, ауылға қарай жер бауырлай келе жатқан Нұғыманды көріп тағы қылыштың астына алып, мылжа-мылжа қылып, қарнын тіліп, басын шауып, көзін шығарып, ит көрмеген қорлықты көрсетіп өлтірді. Сүйтіп Алаштың маңдайына басқан бір адал жігіті елінен шығып большевик дініне кірген бұралқы атты-казактардың қолында ұстанған бағытын қуып барғанда құрбан болады», – деп қылмыстың барысын баяндайды. Жантүршігерлік итқорлықпен өлген алаш азаматы үшін автор ішінен қан жылап, өкінеді.

«Бұл екеуі қатарында ұстанған бағытының құрбаны болған үшінші бір азаматтың опат хабарын құдай есіттірмесін», – деп түйеді автор.

Жазықсыз жаламен қазақтың бүкіл зиялы қауымы ұсталып, оның ішінде өзі де опат боларын алаш қайраткері Ж.Жәнібеков сол кезде әрине сезбеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі. – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 358 б.
2. Ү. Субханбердина. Әйгілі «Қазақ» газеті // Зерде. – 1990. – № 5.
3. Тарих көк кітап. Қазақстан тарихы: 5 томдық. – Алматы: Атамұра, 2002. – Т.3. – 768 б.
4. Қ. Сақ. Ұлттық сана ұйытқысы. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 86-93бб.
5. Д. Қамзабекұлы. Алаштың рухани тұғыры. – Алматы: Ел-шежіре, 2008. – 5б.
6. Ж. Жәнібеков. Аттан, Алаш азаматы! // Қазақ, 1918, №262, 30 маусым.
7. Ж. Жәнібеков. Алаш құрбандары. // Қазақ, 1918, №262, 30 маусым.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТЕЛERAДИОЖУРНАЛИСТИКА: ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН БОЛАШАҒЫ (*гипотеза*)

Қайыртаев Данияр Алматылы
kairtayev.daniyar@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Журналистика және саясаттану факультетінің 3-курс студенті, Астана, Қазақстан

Қазіргі ақпарат қажеттілігі дәуірлеп тұрған заманда БАҚ-тың әр бағыты ерекше маңызға ие десек болады. Алайда, ақпарат құралдарына әсерін тигізбей кетпейтін техника-технология саласының көз ілеспес жылдамдықпен дамып келе жатқандығын ескермей кеткеніміз миға қонымсыз екендігі тағы да белгілі нәрсе. Салыстырмалылық теориясына сәйкес, кешегі телерадиожурналистиканы бүгінгі күнмен бағамдап қарасақ, өлшеусіз өзгерістің, ілкімді ілгерілеудің бар екендігі айдан анық. Көз көріп, құлақ естіп отырғандықтан мұны дәлелдеудің де қажеті жоқ сияқты. Қазақ телевизиясы қалыптасқан кезден көңілін көгілдір экранға күрмеулеп қойған көрермен, бүгінгі таңда едәуір жасты еншілеп қалды. Жоғарыдағы сөзімізді айғақтайтын сол көзі қарақты көрермендер мен радиотыңдармандар екенін айта кеткен жөн. Енді барынша дамып, жетіліп қойғандай